



QORDAI

ҚОРДАЙ

КОРДАЙСКИЙ
МАЯК

ШАМШЫРАҒЫ

1932 жылдың қазан айынан бастап шығады

АУДАНЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

СӘРСЕНБІ 22 СӘУІР 2026 ЖЫЛ №31 (3508)

ҮКІМЕТ



«ЗАҢ МЕН ТӘРТІП» – жаңа Конституцияның негізгі қағидаты

Премьер-министр Олжас Бектенов ҚР Үкіметінің жанындағы құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырысын өткізді. Онда референдумда қабылданған Конституцияның нормаларын сапалы және жедел енгізуді қамтамасыз ету үшін «Заң мен Тәртіп» қағидатын бекіту мәселелері қаралды.

«Мемлекет басшысы өткен жылдың соңында «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Заңға қол қойды. Осы Заңға сәйкес құқық бұзушылықтың алдын алуға жауапты субъектілердің тізбесі мен Ведомствоаралық комиссияның құрамы кеңейтілді. Сонымен қатар жалпыхалықтық референдумда қабылданған Конституцияда құқықтық мемлекетті нығайтуға, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және кез келген құқық бұзушылыққа «мүлдем төзбеушілікті» орнықтыруға бағытталған «Заң мен Тәртіп» үстемдігі негізгі қағидаттардың бірі ретінде көрініс тапқан. Заңнамалық деңгейдегі жаңалықтардың бірі – құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарына барлық мемлекеттік органдарды, азаматтарды және жергілікті қоғам өкілдерін тарту. Бұл – баршамызға ортақ міндет», — деді Олжас Абайұлы.

Премьер-министр атап өткендей, Ведомствоаралық комиссияның алдағы жұмысы «Заң мен Тәртіп» конституциялық қағидатын жүзеге асыруға және берік орнықтыруға бағытталатын болады.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен

өзірленген Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тұжырымдамасын қоғаммен серіктестікте жүзеге асыру барысы туралы ішкі істер министрі Ержан Саденов баяндады. Премьер-министрдің орынбасары – мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, Премьер-министрдің орынбасары – жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев, қаржы министрі Мәди Такиев, сондай-ақ Жамбыл және Ақтөбе облыстарының әкімдері сөз сөйледі.

ІІМ мәліметтері бойынша, жаңа форматтарды енгізу және заңнаманы жетілдіру Қазақстанда қылмыс деңгейінің өткен жылы 6%-ға, осы жылдың 1 тоқсанында 9%-ға төмендеуіне ықпал етті. Сонымен қатар, ішкі істер министрі Ержан Саденов Ақтөбе, Атырау, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Маңғыстау және Абай облыстары әкімдіктері тарапынан шараларды күшейтуді талап ететін бірқатар мәселелерге тоқталды. Атап айтқанда, полиция пункттерінің құрылысын салу және реконструкциялау, жол қозғалысы ережесін (ЖҚЕ) бұзу деректерін тіркеудің автоматты жүйелерін орнату, байланыс инфрақұрылымын дамыту және тағы да басқалар туралы айтты.

→ 2

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Мал төлдету науқаны қызған шақ

- Ауданда мал шаруашылығы – экономиканың негізгі тіректерінің бірі.
- Соңғы жылдары бұл сала тұрақты өсім көрсетіп, жаңа деңгейге көтеріліп келеді. Аудан басшылығы тарапынан мал шаруашылығын дамытуға ерекше көңіл бөлініп, инвестиция тарту жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде. Нәтижесінде бірқатар ірі жобалар жүзеге асып, мал басының көбеюіне, сонымен қатар асыл тұқымды мал үлесінің артуына мүмкіндік туып отыр.



Бұл үрдіс әсіресе көктем мезгіліндегі сақман жұмыстары кезінде айқын байқалады. Қазіргі таңда ауыл-аймақта «қой қоздап, қорада шу көбейген» қызу шақ. Мал төлдету науқаны – жыл он екі айғы ең жауапты кезеңдердің бірі. Осы науқанды сапалы әрі шығынсыз өткізу үшін шаруалар бар күш-жігерін салуда.

Аудан бойынша нақты мәліметтерге назар аударсақ, өткен жылдары 417 479 бас қой тіркеліп, оның ішінде 150 626 бас саулық төлдету науқанына қатысқан. Орта есеппен әр 100 саулықтан 72 қозы алынған. Биылғы қыстың қолайлы болуы бұл көрсеткіштің артуына негіз болып отыр. Қазіргі таңда аудандағы қой саны 425 971 басқа жетсе, соның 216 259 басы саулық ретінде төл алуға қатысуда. Оның ішінде агроқұрылымдарда – 9 224 бас, шаруа қожалықтарында – 275 291 бас, ал жекеменшік ауыл тұрғындарында – 141 456 бас саулық бар.

Мал төлдету науқаны биыл наурыз айында басталып, сәуір айының соңына дейін жалғасады деп күтілуде. Науқанды ойдағыдай өткізу үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған. Жыл басынан бері 314 253 тонна шөп және 58 000 тонна құнарлы жем дайындалған. Бұл мал азықтары толықтай қыстаулар мен қораларға уақытылы жеткізіліп, сақман кезеңінде малдың күйлі болуы қамтамасыз етілген.

Аудан көлемінде мал төлдетуге арналған 155 қора бар. Олардың барлығы шаруа қожалықтары мен жеке мал иелерінің қаражаты есебінен жөндеуден өткізіліп, талапқа сай дайындалған. Әр қорада кемінде 8-9 тонна шөп және 5-6 тонна құнарлы жем қоры жасақталған.

Қазіргі уақытта төл алу науқаны қызған шақ. Осыған байланысты шаруашылық басшыларына сақманшылардың еңбек жағдайын жақсарту, олардың жеке тазалығын сақтау, арнайы киімдермен және қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету жөнінде алдын ала түсіндіру жұмыстары жүргізілген. Сонымен қатар мал төлдету барысында ветеринарлық талаптарды сақтау, дәрі-дәрмек қорын жеткілікті деңгейде ұстау мәселесі де басты назарда.

Бүгінгі күннің өзінде ауданда 59 720 бас қозы, 1 280 бас лақ, 5 823 бұзау және 1 295 құлын алынған. Бұл – шаруалардың еңбегінің нақты нәтижесі. Асыл тұқымды мал өсірумен айналысатын бірқатар шаруашылықтарда төл алу науқаны сәтті аяқталды. Олардың қатарында «Бай-Нұр» және «Медет» шаруа қожалықтарын ерекше атап өтуге болады.

Жалпы, мал басының көбеюі мен асыл тұқымды мал үлесінің артуы ауданның өндірісіне де оң әсерін тигізуде. Бұл бағытта өңірде ет өңдеу саласы да қарқынды дамып келеді. Ет кластері құрамында жұмыс істейтін ірі кәсіпорындардың бірі – тәулігіне 300 бас ұсақ мал мен 50 бас ірі қараны сойып, өңдейтін «Первомайские деликатесы» ЖШС-і. Аталған кәсіпорын ауданның ғана емес, облыстың ет өңдеу саласындағы маңызды өндірістік нысандарының бірі саналады.

Жандос ОМАРОВ



ЖАЗЫЛЫМ-2026

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР! «Қордай шамшырағы» газетіне жазылу науқаны жалғасуда!
ЖАЗЫЛУ ҚҰНЫ: Жылдық абонемент — 5000 теңге, 6 айға — 2500 теңге.
БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Қордай ауылы, Төле би көшесі, 70.
БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫ: 2-27-08, 4-51-63, 2-13-98.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Шоқпар-Гагаринское» ЖШС «Жамбыл облысындағы «Гагаринское» байыту кешенінің жылына 1 млн тонна өнімділікпен 2026–2035 жылдарға арналған ықтимал әсерлері туралы есеп» жобасы негізінде Қоршаған ортаға әсерін бағалау материалдары бойынша ашық жиналыстар түріндегі қоғамдық тыңдау өткізіледі.

Учаскенің географиялық координаттары: 1.43°24'49,76»С, 74°37'47,76»В; 2. 43°24'49,54»С, 74°40'26,21»В; 3. 43°23'59,04»С, 74°40'46,47»В; 4. 43°23'12,45»С, 74°40'46,72»В; 5. 43°23'01,15»С, 74°39'14,55»В; 6. 43°23'01,11»С, 74°39'01,08»В; 7. 43°23'29,90»С, 74°39'00,91»В; 8. 43°23'30,03»С, 74°37'59,98»В; 9. 43°24'00,26»С, 74°37'59,80»В; 10. 43°24'00,23»С, 74°37'48,06»В; 11. 43°24'12,74»С, 74°37'47,99»В.

Өтетін орны: Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Бетқайнар ауылдық округі, Соғанды ауылы, Х.Мамбетәлі көшесі № 45, М.Мақатаев атындағы орта мектебінің акт залы.

Қоғамдық тыңдауларға қатысқысы келетіндер үшін автобус ұйымдастырылады. Автобус сағат 09:15-те Бетқайнар ауылы, Өтеген батыр көшесі, 12-үй, әкімдік ғимаратынан жүреді.

Күні мен уақыты: 09.06.2026 ж., сағат 10.00-де.

Жоспарланған іс-шараның бастамашы: ЖШС «Шоқпар-Гагаринское», БСН 140340024560, ҚР, Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Бетқайнар ауылы, есептік тоқсан 035, құрылыс 23, ұялы телефоны: +7 771 775 4677, E-mail: info@slgroup.kz

Жобаны құрастырушы: «Пасечная И.Ю.» ЖК, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Тараз қаласы, «Қаратау» (2) мөлтек ауданы, 12 үй, 31 п., 87017392827, эл.пошта: inna_1310@inbox.ru

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен НБД СОС и ПР сайтында (<https://ndbecology.gov.kz>) және Жамбыл облысының ЖАО сайтында (<https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat/documents/1?lang=ru>) танысуға болады.

Мүдделі жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстары <https://ndbecology.gov.kz> сайтында және мына мекенжай бойынша қабылданады: Тараз қ., Абай даңғылы, 133а, Жамбыл облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы. Эл.пошта: s.agabek@zhambyl.gov.kz.

Онлайн форматта қатысқысы келетіндер онлайн қосылу сілтемесі бойынша кіре алады.

Qosyl конференциясына қосылыңыз <https://meet.qosyl.kz/meeting?room=926093077978>.

Конференция идентификаторы: 926-093-077-978.

САТЫЛАДЫ

Жымықмайтын мұлт

Үй, Жібек жолы қосалқы көшесі, 19-үй, 8 бөлмелі, монша, оттық бөлме бөлек, қора-жайы бар, 10 сотық жер учаскесі. Тел: 87016128947, 87752794751

АВТОКӨЛІКТЕР

«ПАЛЕССЕ-812» астық жинайтын комбайны, жақсы күйде, 2012 жылы шығарылған, астық шапқыш – 5 метр, бағасы 15 млн.теңге, сіздің қосымша ақыңызбен автокөлікке ауыстыру нұсқасы қарастырылады. Қосымша жүгері шапқыш, күрделі жөндеуен соң, бағасы 5 млн.теңге. Тел: 87055571953, 87077240177.

ӘР ТҮРЛІ

Жас тауықтар, үйрек балапандары, қаз балапандары, бройлер балапандар, үйдің балапандары, арнайы жем, жем салатын, су құятын ыдыстар. Қордай а., Бәйдібек баба к., 221. Тел: +77029747932 Ольга.

Балғын қоян еті. Тапсырыс ойынша сойып береді. Жеткізеді. Тел: 4-23-10 (кешке), +77028868924.

САТЫП АЛАДЫ

Жұмыс істемей тұрған жақсы күйдегі тоңазытқыш, мұздатқыш ларь. Тел: 87476814551.

ҚЫЗМЕТТЕР

Тігін құралдарын, СК теледидарлар, инверторлық дәнекерлеу, қысқа толқынды пеш, духовка және басқа да жөндеу жұмыстарын жасайды. Қордай а., Бәйдібек баба к., 102. Тел: 4-75-74, 87783345614 Федор.

Бау-бақшаны жыртады, ағаштарды кеседі, құлатады, шөп шабады. Тел: 87783438380, 87719736040.

ЖАЛҒА БЕРЕДІ

Шағын үй, жарық, газ, су, сантарабы бар. Тел: 87056175111.

ЖОҒАЛДЫ

30.08. 2024 жылы Еркебек Еламан Ардақұлының атына ҚР шекара қызметі академиясынан берілген №2199305 әскери билеті жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Шарбақты ауылы, Ноғайбай би к., 64 мекенжайы бойынша тіркелген нотариус Бестерекова Марина Рамисовна куәландырған №1064785 меншік құқығы туралы куәлік жоғалды. Тел: 87755433775

ӘР ТҮРЛІ

2024 жылдың 19 сәуірінде қайтыс болған Альмеинов Ержан Нисвалиевичтің артынан мұрагерлік іс қозғалды. Мұрагерлері нотариус М.Лировқа Қордай а., Жібек жолы к., 236/1 мекенжайына жолығуы қажет.

2015 жылдың 29 маусымында қайтыс болған Пылева Галина Сергеевнаның артынан мұрагерлік іс қозғалды. Мұрагерлері нотариус М.Лировқа Қордай а., Жібек жолы к., 236/1 мекенжайына жолығуы қажет.

2025 жылдың 18 қазанында қайтыс болған Мухаметова Айшүрек Қойшыбаевнаның артынан мұрагерлік іс қозғалды. Мұрагерлері нотариус М.Лировқа Қордай а., Жібек жолы к., 236/1 мекенжайына жолығуы қажет.

2026 жылдың 23 наурызында қайтыс болған Тангирберген Каратайдың артынан мұрагерлік іс қозғалды. Мұрагерлері нотариус М.Бестерековаға Қордай а., Жібек жолы к., 256 мекенжайына жолығуы қажет.

2022 жылдың 6 ақпанында қайтыс болған Бисиров Цунваның артынан мұрагерлік іс қозғалды. Мұрагерлері нотариус И.Хуровқа Қордай а., Домалақ ана к., 247А мекенжайына жолығуы қажет.

ДЕНСАУЛЫҚ

ҚЫЗЫЛШАМЕН СЫРҚАТТАНУШЫЛЫҚ 30%-ҒА ТӨМЕНДЕДІ

Қазақстанда қызылшамен сырқаттанушылықтың төмендеуі байқалуда. Мәселен, соңғы бір аптаның ішінде инфекция жұқтыру жағдайларының саны шамамен үштен бірге азайды. Сонымен қатар, сырқаттанушылардың басым бөлігі екпе алмағандар болып отыр, бұл екпенің тиімділігін дәлелдейді.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің деректеріне сәйкес соңғы аптада қызылшаның 212 жағдайы тіркелген, ал оның алдындағы аптада — 302 жағдай тіркелген. Бұл сырқаттанушылықтың 30%-ға төмендегенін көрсетеді.

Ең көп сырқаттанушылық келесі өңірлерде тіркелген: Астана қаласы — 46 жағдай, Павлодар облысы — 38 жағдай, Алматы қаласы — 20 жағдай, Қарағанды облысы — 19 жағдай.

2025 жылдың қорытындысы бойынша елде қызылшаның 4 240 жағдайы тіркелген, оның

ішінде 76,4%-ы егілмегендер. Егілмегендердің арасында балалардың едәуір бөлігі екпеден бас тарту, медициналық қарсы көрсетілімдер немесе екпе жасына жетпеу себептеріне байланысты вакцинацияланбаған.

Жыл басынан бері қызылшаға қарсы жоспарлы вакцинациялау жалғасуда. Бүгінгі таңда 1 жастағы 69 мың бала және 6 жастағы 66,8 мың бала егілді.

Сонымен қатар, қосымша иммундау шеңберінде шамамен 1,5 млн адам, оның ішінде кіші жастағы балалар мен қауіп топтарына жататын тұлғалар екпе алды.

Сондай-ақ, толықтырушы иммундау жүргізілуде: жыл басынан бері 18 жасқа дейінгі 58,2 мың бала мен жасөспірім қамтылды.

Жалпы алғанда, қызылша бойынша эпидемиологиялық жағдай бақылауда қалып отыр, ал вакцинациялау профилактиканың ең тиімді шарасы болып қала береді.

Жамбыл облысының бактериологиялық қызметі

2026 жылдың алғашқы 3 айында Жамбыл облысының бактериологиялық қызметі өңірдегі эпидемиологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытында ауқымды жұмыстар атқарды. Өңірдегі жалпы 72 535 зерттеу жүргізіліп, олардың ішінде 6075 оң нәтиже анықталды. Бұл зерттеулердің орташа өсімталдық көрсеткіші 8,4% құрады. Сонымен қатар, емнің тиімділігін арттыру мақсатында 6 140 антибиотиктерге сезімталдық тесті өткізілді.

Негізгі бағыттар бойынша анықталған деректер:

Ішек инфекциялары: Сальмонелла мен шигелла (дизентерия) қоздырғыштары анықталды. Қазіргі уақытта бұл инфекциялар бойынша ең көп зерттеу Жамбыл облыстық жұқпалы аурулар ауруханасы мен Байзақ ауданының зертханаларын-

да жүргізілген.

Инфекциялық бақылау: 13 000-нан астам санитарлық сынама тексерілді. Олардың тек 0,35%-ы ғана талапқа сай келмеген.

Қауіпті инфекциялар: 2026 жылдың I тоқсанында облыста дифтерия, іш сүзегі немесе ботулизм сияқты қауіпті инфекциялар тіркелген жоқ.

Менингит: 95 зерттеу жүргізіліп, іріңді менингиттің 2 штаммы анықталды.

Жамбыл облысындағы бактериологиялық қызмет тұрғындардың денсаулығын қорғау бағытында маңызды жұмыстарды жалғастыруда. Эпидемиологиялық ахуал бақылауда және мамандардың үздіксіз жұмысы өңірдегі жұқпалы аурулардың алдын алу үшін маңызды рөл атқарады.

Қордай аудандық орталық ауруханасы

МАМАН БҰРЫШЫ

Органикалық тағамдар

Бүгінгі таңда денсаулық проблемалары мен қоршаған ортаның лас тануы адамдардың табиғи және органикалық өнімдерге бет бұруына әкелді. Органикалық өнім өндіруге, әсіресе тамақ секторына көбірек көңіл бөлінді.



Органикалық өнімдер әсіресе балалардың тамақтануында артықшылық береді. Органикалық өнімдердің бағасы қалыптыдан жоғары. Мұның себебі, жалпы алғанда, азық-түліктердің жарамдылық мерзімі тез бұзылады және тиімділігі азырақ өндіріледі. «Органикалық ауыл шаруашылығын жүзеге асыру қағидаттары мен қағидалары» аясындағы органикалық өнім; Ол органикалық ауылшаруашылық қызметінің қағидаттарына сәйкес өндірілген шикі, жартылай фабрикат немесе дайын түрдегі сертификатталған өнім ретінде анықталады. Органикалық өнімді өндіру далада басталады. Органикалық өнімдерді өндіру кезінде пестицидтер немесе ұқсас химиялық заттар пайдаланылмайды. Одан кейін органикалық өнім тікелей буып-түйіліп, сатылымға шығарылады немесе ешқандай қоспа қоспай немесе химиялық қоспасыз өңделіп, буып-түйіліп, сатуға ұсынылады. Органикалық өнімді өндіруден маңыздырақ мәселе – оны сертификаттау. Органикалық өнімдер белгілі бір сынақтар мен тексерулерден өту арқылы құжатталуы және осылайша сатуға ұсынылуы керек.

Органикалық өнім өндірісін сертификаттау; Бұл өнімнің жинау, өңдеу, сақтау, орау сияқты әрбір кезеңі тексерілетін және тексеру нәтижесінде жасалған сертификаттау процесі. «Органикалық өнімді сертификаттау» өнімді сынау арқылы ғана емес, сонымен қатар операциялық аудиттер негізінде жүзеге асырылады. Органикалық ауыл шаруашылығын жүзеге асыру қағидаттары мен ережелері аясында өңделген органикалық тағамы өнімдерін өндіруде қолдануға болатын заттар мен өнімдер тізімделген. Азық-түлік өндірісі ережеде көрсетілген заттарға сәйкес жасалуы және құжатталуы керек.

Г.ЧАЛТИКЕНОВ, Қордай аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының эпидемиологиялық бақылау бөлімінің бас маманы